

Жаза дегеніміз – сот үкімі бойынша тағайындалатын мәжбүрлеу шарасы Немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру

Қылмыстық заң нормаларын сақтауды мемлекет мәжбүрлеу арқылы қамтамасыз етеді, себебі бұл нормалардың бұзылуына қарағанда мемлекет мүддесіне, қоғам мүддесіне немесе жеке азаматтар мүддесіне үлкен зиян келтіреді.

Жаза қолданудағы мақсат - адам мен азаматтың құқығын, заңды мүдделерін бейбіт өмірі мен адамзат қауіпсіздігін, меншікті ұйымдардың құқығы мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны конституциялық құрылысты және Қазақстан Конституциясы аумағының тұтастығын, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің заң қорғайтын мүдделерін қара ниет қастандықтан қорғау.

Жаза арқылы адамның және азаматтың құқығы, бостандығы, заңды мүдделері, адамзаттың бейбітшілігі мен қауіпсіздігі, ұйымдардың меншіктері, құқықтары мен заңды мүдделері, қоғамдық тәртіппен қауіпсіздік, қоршаған орта, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымы мен мемлекеттің заңмен қорғалатын басқа мүдделері әртүрлі қылмыстық қастандықтан қорғалады. Жаза ұғымына Қылмыстық кодекс мынадай анықтама береді: «Жаза дегеніміз — сот үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады және ол осы адамды құқықтары мен бостандықтарынан осы Кодексте көзделген айыру немесе оларды шектеу болып табылады» (39-бап).

ҚР Қылмыстық кодексінің 40-бабының 2-тармақшасына сәйкес, қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға: 1) айыппұл; 2) түзеу жұмыстары; 3) бас бостандығын шектеу; 4) бас бостандығынан айыру; 5) өлім жазасы түріндегі жазалар қолданылуы мүмкін.

Бас бостандығынан айыру сотталған адамды түзеу мекемелерінде жазасын өткеруге жіберуді көздеп, осы арқылы оны қоғамнан оқшаулауды білдіреді. Осы Кодексте көзделген қылмыстарды жасағаны үшін бас бостандығынан айыру – алты айдан он бес жылға дейінгі, ал аса ауыр қылмыстар үшін жиырма жылға дейінгі мерзімге не өмір бойына белгіленеді.

Өмір бойына бас бостандығынан айыру аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ өлім жазасына балама ретінде белгіленуі мүмкін. Өмір бойына бас бостандығынан айыру он сегіз жасқа толмай қылмыс жасаған адамдарға, әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге тағайындалмайды. Кешірім жасау тәртібімен өмір бойына бас бостандығынан айыру белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылуы мүмкін (ҚР ҚК 46-б.).

Өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандар камераларға орналастырылып, олармен тәрбие жұмыстары белгілі бір тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

Жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жазалауы болмаған кезде жазаны өтеудің дағдылы жағдайларынан жазаны өтеудің жеңілдетілген жағдайларына ауыстыру он жылдан кейін жүргізіледі.

Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандар, сондай-ақ өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырылған сотталғандар жазасын төтенше қауіпсіз мекемелерде басқа сотталғандардан бөлек өтейді (ҚР ҚАК 141-б.).

Өлім жазасын қолданбау сот шешеді жағдайға байланысты тағайындап немесе өмірге қажеттілігі аса ауыр қылмыс жасағандар альтернативті өлім жазасын қолданып өмір бойы бас бостандығынан айырылу жаза түрі өз бетімен қылмыстық кодексте қарастырылған.

Өлім жазасы өмір бойы бас бостандығынан айырылу жазасына ауыстырылғанда кешірім жасау қолданылған; альтернативті өлім жазасын сот тағайындайды.

Өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын әйелдерге, кәмелет жасқа толмағандарға және 60 жасқа толған ер адамдарға сот тағайындамайтындығын айта кетуіміз керек.

Сонымен қатар өмір бойы бас бостандығынан айырылған сотталғанға мерзімінен бұрын шартты түрде босату көзделген. Сот тағайындаған өмір бойына бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адам, егер сот оның бұл жазаны одан әрі өтеуін қажет етпейді деп таныса және ол бас бостандығынан айырудың кемінде жиырма бес жылын іс жүзінде өтесе, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін. Егер сот тағайындаған өмір бойына бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адам процестік келісімнің барлық талаптарын орындаса, ол бас бостандығынан айырудың кемінде он бес жылын іс жүзінде өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін (ҚР ҚК 72-б.).

Дилара Меңдібаева
ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев
атындағы Қостанай академиясының
Ғылыми - зерттеу орталығының
ғылыми қызметкері
полиция подполковнигі